8D10102 – «Медицина» мамандығы бойынша

философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Касымов Куаныш Тлебалдыевичтің «Сегізкөз-мықын байламы зақымдануларын аз инвазивті тұрақты-функционалды бекітудің клиникалық-биомеханикалық негіздемесі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

**рецензенттің жазбаша пікірі**

| р/н № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|---|---|---|
| 1. | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | 1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: | **Диссертациялық жұмыстың тақырыбы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағдарламаларына және ғылымның басым бағыттарына сәкес.** |
| | | **<u>1)Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</u>** | Ғылыми зерттеу жұмысы ҚР БҒМ "Қазақстан Республикасындағы жол-көлік оқиғалары салдарынан жамбас сүйектерінің зақымдануын ортохирургиялық оңалту жүйесін әзірлеу" гранттық қаржыландыру жобасы шеңберінде орындалды (2018-2020 жылдар) (ЖРН АР05135531). |
| 2. | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **<u>қосады</u>**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **<u>ашылған</u>**/ашылмаған. | Ғылыми-зерттеу жұмысының заманауи ғылымға маңыздылығы толық ашылған, өйткені қазіргі таңда жамбас сүйектері сынықтарын емдеуде әлемдік ғылымдардың еңбетері қарқынды көбеюде. Әдеби деректерге сәйкес 1940-жылдардан бастап қарқын алған ішкі остеоситез әдістерінің дамуы жамбас сүйектерін де қамтып 1980- жылдардан бастап күшейе бастаған. Қазіргі таңда әлемдік өндірушілер жамбас сүйектерінің сынықтарын емдеуге арналған импланттармен ғана шектелмей, репозиция құрылғыларын, сондай-ақ роботталған бағыттаушы жүйелерді шығару деңгейіне көтеріліп отыр. Осындай ғылыми даму тұсында жаңа имплант ұсыну отандық ғылымға айтарлықтай үлес қосары анық. |
| 3. | Өзі жазу принципі | Өзі жазу деңгейі:<br>**<u>1) жоғары</u>**;<br>2) орташа; 3) төмен; | Докторнаттың жеке еңбегінің деңгейі жоғары, құрылғы патенттерінің, әдістемелік нұсқа мен монографияның авторы болып табылады. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 4) өзі жазбаған | |
| 4. | Ішкі бірлік принципі | 4.1Диссертация өзектілігінің негіздемесі:<br>**<u>1) негізделген;</u>**<br>2) жартылай негізделген;<br>3) негізделмеген. | Жамбас сынықтарын емдеу ортопедиялық хирургиядағы ең үлкен мәселелердің бірі.<br>Қазіргі таңда бұл мәселе бойынша әлі де өзекті талқылаулар жүргізілуде және әртүрлі ақпарат көздеріне сәйкес емнің қанағаттанарлықсыз нәтижелері 30-дан 60% -ға дейін жетеді. Бүгінгі күні операция алдындағы жоспарлау, жарақат түріне байланысты хирургиялық емдеудің тактикасы мен әдістерін таңдау, кейіннен оңалту және тағы да басқа мәселелер толық шешімін таппаған. Заманауи негізделген әмбебап алгоритмдер негізделмеген. |
| | | 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды.<br>**<u>1) айқындайды</u>**;<br>2) жартылай айқындайды;<br>3) айқындамайды | Жаңа құрылғының әзірленуі, оның биомеханикалық қасиеттерінің зерттелуі және клиникада қолданылуы «Сегізкөз-мықын байламы зақымдануларын аз инвазивті тұрақты-функционалды бекітудің клиникалық-биомеханикалық негіздемесі» тақырыбына сай мазмұнды толық айқындайды. |
| | | 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация<br>тақырыбына сәйкес келед:<br>1) **<u>сәйкес келеді;</u>**<br>2) жартылай сәйкес келеді;<br>3) сәйкес келмейді; | Зерттеудің мақсаты: сегізкөз-мықын байламының зақымдануларын емдеу нәтижелерін жақсарту. Осы мақсатқа сай 4 тапсырма толығымен диссертация тақырыбына сәйкес келеді. |
| | | 4.4. Диссертацияны барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:<br>1) **<u>толық байланысқан;</u>**<br>2) жартылай байланысқан;<br>3) байланыс жоқ | Диссертацияның әдеби шолуынан бастап рет ретімен құрылғыны әзірлеу, оның биомеханикалық қасиеттерін зерттеу, операция тәсілін ойлап табу, клиникада қолдану және салыстырмалы бағалау жүргізуді қамтитын бөлімдері толығымен байланысқан. |
| | | 4.5Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, | Құрылғыны әзірлеуде жақын прототипі ретінде тәжірибелік қолданыстағы сегізкөз шегесі алынғаны, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:<br>1) **<u>сыни талдау бар;</u>**<br>2)талдау жартылай жүргізілген;<br>3) талдау өз пікірі емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген | биомеханикалық сынақтар барысында берілген күштемелердің басқа авторлардың нәтижелерімен салыстырылуы және клиникалық қолдану нәтижелерінің салыстырмалы бағалануы ғылыми жұмыстағы сыни талдаудың бар екенін көрсетеді. |
| 5. | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1.Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?<br>1) **<u>толығымен жаңа;</u>**<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Ғылыми-зерттеу жұмысы нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа деп санауға негіз бар. Жасалынған құрылғы Евразиялық және отандық патенттермен қорғалған, биомеханикалық және клиникалық сынақтар нәтижелері басылымдарға шығарылған. |
| | | 5.2.Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?<br>1) **<u>толығымен жаңа;</u>**<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады); | Қорытындылардың жаңалығын олардың тұрақты беделді басылымдарда жарияланғаны дәлелдейді. Биомеханикалық сынақтардың нәтижелері Scopus дерекқорына сәйкес 26 процентилі бар "Georgian Medical News" журналында жарияланған. Клиникалық бөлімнің салыстырмалы бағалау нәтижелері «Қазақстан хирургиясы жаңалықтары» журналында басылған. |
| | | 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?<br>1) **<u>толығымен жаңа;</u>**<br>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | Техникалық шешімдерінің жаңалығы құрылғының артықшылығында көрініс береді: құрылғының проксимальді ұшының ұзартылған тесігі арқылы және ішіне орнатылған бұрандалы тетік көмегімен құлыптаушы винттерді бір-біріне қарай немесе керісінше жылжыту жолымен сынықшалар компрессиясын немесе дистракциясын жасап, сол қалыпта тұрақты бекітуге мүмкіндік бар. |
| 6. | Негізгі қорытындылардың негізділігі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **<u>негізделген</u>**/негізделмеген (qualitative | Қорытындылар ғылыми негізделген, емнің тиімділігін бағалауға ауруханадан шыққан сәттегі, операциядан кейін 3,6 және 12 айдан кейін ауырсынуды бағалау және еңбекке жарамсыздық мерзімі кіреді. Сонымен |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | қатар функционалды нәтиже Маджид шкаласы бойынша ұзақ мерзімді кезеңде науқастардың өмір сүру сапасын зерттеуді қамтиды. |
| 7. | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | Әр қағидат бойынша келесі сұрақта рға жауап беру қажет:<br>7.1Қағидат дәлелденді ме?<br>**1) дәлелденді;**<br>2)шамамен дәлелденд;<br>3)шамамен дәлелденбеді;<br>4) дәлелденбеді<br>7.2 Тривиалдыма?<br>**1) ия;**<br>2) жоқ<br>7.3 Жаңа ма?<br>**1) ия;**<br>2) жоқ;<br>7.4 Қолдану деңгейі:<br>1) тар;<br>**2) орташа;**<br>3) кең;<br>7.5Мақалада дәлелденген бе?<br>**1) ия;**<br>2) жоқ | Диссертациыяқ жұмыста берілген әр қағидат:<br>7.1. **дәлелденді,** сатистикалық анализдің заманауи әдістері қолданылды.<br>7.2. жаңашылдыққа ие болғандықтан **тривиалды емес;**<br>7.3. SCOPUS базасына кіретін журналда басылғандықтан **жаңа;**<br>7.4. Қолдану деңгейі орташа;<br>7.5. шетелдік басылымдар мен әр деңгейдегі конференцияларда жарияланған автордың мақалаларында дәлелденген;<br>Тиісінше статистикалық өңдеу жүргізіліп, диссертация қағидалары дәлелденген. Интеллектуалдық қорғау құжаттары (патенттер) алынған. Диссертация материалдарынан автор 8 жұмыс жариялаған. Оның біреуі 26 процентилі бар «Georgian Medical News» журналында. |
| 8. | Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған<br>**1) ия;**<br>2) жоқ | Әдіснама мен зерттеу әдістері толық негізделген және жұмыстың мақсатына сай. |
| | | 8.2Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі | Нәтижелерді статистикалық өңдеу SPSS Windows үшін 23.0 нұсқасы бағдарламасының статистикалық пакеті (Statistical package for the Social Sciences) көмегімен |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:<br>**1) ия;** 2) жоқ | жүргізілді («Семей медицина университеті» КеАҚ). |
| | | 8.3.Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған: **1) ия;** 2) жоқ | Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. |
| | | 8.4.Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған | Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. |
| | | 8.5.Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз | Әдеби шолу аясында 270 әдеби дереккөзге терең шолу жасалды. Әдеби шолуда PubMED, Cochrane Library, TripDatabase, Google Academy сияқты медициналық ақпарат дерекқорлары пайдаланылып отандық және шетелдік диссертациялар зерттелді. |
| 9. | Практикалық құндылық принципі | 9.1.Диссертацияның теориялық маңызы бар:<br>**1) ия;** 2) жоқ | Диссертацияның теориялық маңызы бар. Диссертация материалдары Семей медицина университетінің травматология және ортопедия кафедрасының оқыту жұмыстарында пайдаланылады. |
| | | 9.2.Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:<br>**1) ия;**<br>2) жоқ | Диссертация материалдары травматологиялық көмек көрсететін медициналық ұйымдардың клиникалық тәжірибесінде қолданыла алады. |
| | | 9.3.Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?<br>1) **толығымен жаңа;** | Ұсынылған құрылғының аналогтары заманауи әдебиеттерде баяндалмаған. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);<br>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) | |
| 10. | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық<br>жазу сапасы:<br>1) жоғары;<br>2) **орташа;**<br>3) орташадан төмен; 4) төмен; | Диссертациядағы материал ғылыми терминологияны пайдалана отырып сауатты түрде мәлімделген және логикалық құрылымдалған. Зерттеудің белгіленген мақсаты мен міндеттеріне сәйкес біртұтас стиль сақталған. Диссертациялық жұмыстың жазылу мен рәсімделуі сапасы жоғары, аяқталған, ғылыми білікті жұмыс болып табылады.<br>Жұмыс ғылыми дәреже алу үшін диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. |

"С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті" КеАҚ травматология және ортопедия кафедрасының меңгерушісі, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің "Әлеуметтік қорғау саласын дамытудың Ұлттық ғылыми орталығы" ЖШҚ КМК-ның бас директоры, медицина ғылымдарының кандидаты. ____________________ Тезекбаев Канат Марденович

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КеАҚ * НАО «Казахский национальный медицинский университет им. С.Д. Асфендиярова» *
АДАМИ РЕСУРСТАРДЫ ДАМЫТУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ПЕРСОНАЛДЫ ЕСЕПКЕ АЛУ БАСҚАРМАСЫ
УПРАВЛЕНИЕ ПО УЧЕТУ ПЕРСОНАЛА ДЕПАРТАМЕНТА РАЗВИТИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКИХ РЕСУРСОВ